

ЖЕМ - САҒЫЗ

№16 (7876) 23 сәуір, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Есептік кездесу

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ: МӘСЕЛЕ МЕН ШЕШІМ

Байганин ауданында аудан әкімі Айбек Көпеновтың Сартоғай және Қопа ауылдық округтерінің тұрғындарымен есепті кездесуі өтті. Ашық диалог форматында ұйымдастырылған жиындарда ауылдық жерлердегі өзекті мәселелер кеңінен талқыланып, алдағы кезеңге жоспарланған жұмыстар сараланды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында өткен бұл кездесулер тұрғындар мен билік арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті деңгейдегі түйткілдерді тікелей жеткізуге мүмкіндік берді. Жиында аудан прокуроры Ерлан Бахитов, аудандық мәслихат төрағасы Мараұлан Сержан, сондай-ақ құқық қорғау органдарының өкілдері қатысып, көтерілген әрбір мәселенің заң аясында қаралуын назарда ұстады.

Сартоғай: ауыл тұрғындары газ тарту мәселесін жеделдетуді сұрады

Сартоғай ауылдық округіне қарасты Баршақұм, Шұқырши және Алтай батыр ауылдарының тұрғындарымен өткен кездесуде әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелер күн тәртібіне шықты. Ауыл халқы ең алдымен газдандыру мәселесін алға тартты. Сонымен қатар балаларға арналған ойын алаңдарын салу, жастар демалатын саябақ аумағын кеңейту, көшелерді жарықтандыру және жолдардың сапасын жақсарту қажеттігі айтылды.

Тұрғындар сондай-ақ қоқыс тастайтын арнайы орындардың жоқтығын көтеріп, бұл экологиялық ахуалға кері әсер етіп отырғанын жеткізді. Үй салуға ниетті азаматтар жер құжаттарын рәсімдеу барысындағы қиындықтар жөнінде сұрақ қойып, нақты түсіндірулер алды. Аудан әкімі бұл мәселелердің кезең-кезеңімен шешілетінін, кейбір жобалар бойынша тиісті құжаттық рәсімдеу жұмыстары басталып кет-



бай», «Шұқырши» шаруа қожалықтары заманауи тракторлар сатып алған.

Округте 2 орта мектеп жұмыс істейді, онда 197 оқушы білім алып, 54 педагог қызмет етіп келеді. «Мектепке жол» акциясы аясында жеке кәсіпкерлердің де-мәушілігімен 14 оқушыға 80 000 теңге көлемінде көмек көрсетілген, сондай-ақ, округ бойынша 54 бала ыстық тамақпен қамтылған. Еңбекке жарамды халықтың басым бөлігі ауыл шаруашылығы сала-сында, яғни 168 адам еңбек етсе, бюд-жеттік салаларда 151 адам жұмыс жа-сайды. Округ бойынша қазіргі таңда бір амбулатория және екі медпункт, бір ауылдық клуб, бір мәдениет үйі және үш кітапхана жұмыс істейді.

Округте экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қа-зақстан» акциясы аясында ауқымды жұ-мыстар атқарылып келеді. Атап айтсақ, әр сенбі сайын ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлерінің қатысуымен тазалық жұмыстары жүргізіліп, бұлақ көздері тазартылып, ауыл көшелері тегістеледі. «Туған жерге-тағзым» ак-циясы аясында 1969 жылы туған ауыл түлектерінің бастамасымен 50 түп ал-ма ағашы егілді. Байганин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің қолдауымен 2 гектар жерге тал отырғы-зу жұмыстары жүргізілуде, - деді округ әкімі.

тында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын білдік.

Округтегі ағымдағы жағдай мал ша-руашылығының тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі таңда мұн-да 50 шаруа қожалығы, үш кооператив және 24 жеке кәсіпкер жұмыс істей-ді. «КОРА АГРО» АШӨК, «Шибұлақ» және «Аманқұл» шаруа қожалықтары асыл тұқымды бұқалар сатып алып, табын сапасын жақсартуда. «Қай-сар 77» АШӨК құрылып, бордақылау алаңы мен мал сою орындарын ашу жұмыстары басталған. Техникалық жаңарту бойынша 2025 жылы 6 трак-тор алынса, биыл тағы 2 техника алу жоспарлануда.

Ауыл тұрғындарының өмір сүру са-пасын жақсарту мақсатында демеу-



му барысы сараланып, алдағы кезең-ге арналған басым бағыттар айтыл-ды. Бүгінде ауыл тынысы жаңа қарқын алып, инфрақұрылымды жақсарту мен халықтың әл-ауқатын арттыру бағы-

шілердің қолдауымен бірқатар жоба-лар, атап айтқанда «Сағыз Петролеум Компани», «Oil Reloading Corp» және «Санрайз энерджи Казахстан» ЖШС-терінің көмегімен Ебейті-Сағыз бағы-

жауапты бөлімдерге нақты тапсырма-лар берілетінін, тұрғындардың ұсы-ныстары мен өтініштері бақылауда бо-латынын айтты.

Әйгерім КАРИМАН



кенін атап өтті.

Сартытоғай ауылдық округінің әкімі Қуандық Әбенов ауыл шаруашылығын өркендетіп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында кешен-ді жұмыстар атқарылып жатқанын ба-са айтып, 2026 жылдың басына дейін-гі негізгі көрсеткіштер мен атқарылған істерге шолу жасады.

Баяндамасында көрсеткендей, қазір-гі таңда округте 35 шаруа қожалығы, бір ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі және бір жауапкершілігі шек-теулі серіктестік тұрақты жұмыс істеп тұр және 2025 жылы «Есетжан», «За-рина» және «Ержігіт» есімді жаңа кәсіп-керлік нысандары құрылып, жұмысын бастаған. 2026 жылдың 1 қаңтары-ндағы мәлімет бойынша округте 4723 ірі қара, 14207 қой-ешкі, 3319 жылқы, 83 түйе тіркелген. Мал басын аман сақтау мақсатында профилактикалық шара-лар мен төлдерді бірдейлендіру жұмы-стары жоспарлы түрде жүргізіліп, соңғы тоқсанда 217 бұзау, 243 қозы-лақ, 265 құлын және 10 бота есепке алынып, 483 жылқыға таңба басылған. Округ әкімінің сөзінше, «Бәйтерек» холдин-гі мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ы арқылы жеңілдетілген несиемен «Ардақ», «Құл-

Қопа: Жайылымның жетіспеушілігі – күн тәртібінде

Қопа ауылдық округіне қарасты Ебейті, Айрық және Көптоғай ауылда-рының тұрғындарымен өткен жүздесу де мазмұнды пікірталас алаңына ай-налды. Бұл жерде негізгі назар ауыл шаруашылығы саласындағы түйткіл-дерге ауды. Атап айтқанда, мал жай-ылымының жетіспеушілігі, мал са-ту кезіндегі кедергілер және мал ай-дау жолдарының (мал өткелдерінің) жоқтығы тұрғындарды алаңдатып отыр.

Жиында жастар мәселесі де на-зардан тыс қалған жоқ. Әсіресе, ауыл жастары үшін заманауи спорт зал-дарын салу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау ұсынылды. Сонымен қатар қоқыс по-лигондарының қараусыз қалуы, ішкі көшелердің жөнделмеуі және жарықтандырудың жеткіліксіздігі сияқты инфрақұрылымдық мәселелер де кө-терілді.

Қопа ауылдық округінің әкімі Арал-бек Есболаевтың халыққа берген есебінде әлеуметтік-экономикалық да-



Қоғам

«ҚАЗПОШТА»: МӘСЕЛЕ БАР, ШЕШІМ ҚАЙДАН?

Цифрландырудың екінші есік қаққан заманда, мегаполистерде «қағазбастылықтан арылдық» деп сүйіншілегенімізбен, шалғайдағы ағайын үшін пошта байланыс торабының орны әлі де бөлек. Қазір де пошта бөлімшелері - тек хат тасушы емес, баспасөзге жазылу, зейнетақы мен жәрдемақы жеткізу, хат-хабар алмасу, онлайн сауда қызған заманда көптің тапсырысын жіберу және қаржылық қызметтерін қоса атқарып, әлі де халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланыста. Десе де, бүгінгі цифрландыруға, жасанды интеллектке толық бет бұрған уақытта жергілікті жерлердегі «Қазпошта» бөлімшелерінің жағдайы қалай, мәселесі неде, айтары бар ма? Бұл сұрақтарды жергілікті пошта торабындағы жауапты адамдарға қойдық.



«Қазпошта» АҚ-ы Ақтөбе облыстық филиалының Байғанин аудандық пошта байланыс торабының бастығы Мұрат Тасиннің айтуынша, бүгінде аудан аумағында 6 пошталық бөлімше жұмыс жасайды және жалпы аудан бойынша пошта торабында 18 қызметкер бар. Аудан тұрғындары үшін пошта қызметі – тек хат-хабар алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы зор қызметтердің бірі.

«Қазіргі таңда пошта байланыс тораптарының материалдық-техникалық базасы жаңартуларды қажет етеді. Кейбір бөлімшелер ескі ғимараттарда отыр, ескі құрал-жабдықтар қолданады. Бұл - қызмет көрсету жылдамдығына және қызметкерлердің жұмыс жағдайына әсер етеді, - деп әңгіменің әлқиссасын түйт-



қыстың қаһарлы аязына қарамай, әр шаңыраққа қуаныш пен хабар жеткізетін осы мамандардың еңбегі бүгінде тиісті деңгейде бағаланбай отыр. Азғантай жалақыға шыдамай, білікті мамандардың қызметтен кетуі - кадр тапшылығын тудырып, қызмет сапасын төмендетті. «Бір қолға - он жұмыс» деген қағидамен жүрген аудандық қызметкерлердің жүктемесі шамадан тыс көп. Бүгінде ауыл шекарасы кеңейді, арғы басы мен бергі басына көлікпен ғана жетесің. Осы ретте айта кеткім келетін тағы бір мәселе бар. Ауыл тұрғындары өз үйлерінің көшесін, нөмірін белгілесе, арнайы жәшік орнатса – жұмыс сәл болса да жеңілдер еді. Себебі көше атауы жоқ, үй саны белгісіз, газет салатын орын тағы жоқ. Ал, газет уақытында жетпесе, желмен ұшып жерге түссе, одан жоғалса – тұрғындар пошта бөлімшесіне келіп үлкен наразылықтарын айтады. Жұмыстың көптігі, ауырлығы өз алдына, бізде қысқарту болып жатыр. Берілген арнайы жоспар бар, ол жоспар орындалмаса қысқартуға ұшыраймыз. Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу кезеңінде және мереке алдындағы сәлемдемелер көбейген уақытта жүктеме өте жоғары болады. Соған қарамастан, біз жұмыс графигін оңтайландыру арқылы әрбір тұтынушыға сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз. Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекендерге сәлемдеме жеткізу - нағыз ерлікпен тең. Ауыл арасындағы жолдардың сапасы сын көтермейді. Бұл логистикалық шығындарды арттырып, қызмет көрсету жылдамдығын тежейді. Цифрландыру дәуірінде

әсер етуде. Мекемелерді жекелеп аралап, кәсіпкерлердің есігін тоздырып, баспасөзге жазылуға үгіт-насихат жұмыстарын жүргіземіз. Тұрғындардың баспасөзге жазылмауы – бүгінгі қоғамда жиі көтерілетін өзекті мәселе. Бұл құбылыстың бірнеше негізгі себептері бар. Ең алдымен, цифрлық технологиялардың дамуы үлкен әсер етті. Қазір ақпаратты көпшілік әлеуметтік желілер мен интернет сайттардан жедел әрі тегін алады. Соның салдарынан дәстүрлі газет-журналдарға деген қызығушылық төмендеді. Екінші мәселе – экономикалық жағдай. Кейбір тұрғындар үшін баспасөзге жазылу қосымша шығын болып саналады. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл айқын байқалады. Үшіншіден, мазмұн сапасы мен тартымдылығы да маңызды. Егер басылымдар оқырманға қызықты, пайдалы әрі шынайы ақпарат ұсынбаса, оқырман оны таңдамауы заңды. Сонымен қатар, ақпаратқа деген сенім деңгейі де әсер етеді. Кейбір азаматтар ресми баспасөзден гөрі бейресми дереккөздерге көбірек жүгінеді. Бұл мәселені шешу үшін басылымдар заманауи форматқа бейімделіп, сапалы контент ұсынуы, оқырманмен тығыз байланыс орнатуы және жазылу жүйесін қолжетімді етуі қажет. Сонымен бірге, тұрғындар арасында ақпараттық мәдениетті арттыру да маңызды рөл атқарады, - деді ол.

Тұрғындар тарапынан түсетін өтініш-тілектерді үнемі бақылауда ұстайтынын айтқан аудандық пошта байланыс торабының бастығы тұрғындардың кейде кезекке шағымданатынын жеткізді. Бұл

гіртіміз келсе, поштаның жұмысын жүйелеуіміз қажет. Өйткені, пошта жұмыс істемейтін ауыл - әлемнен оқшауланған, ертеңі бұлыңғыр ауыл, - дейді Мұрат Тасин.

Пошта қызметіне деген сұраныстың азайғанын, ал оның өз кезегінде түрлі мәселе тудырып отырғанын орталық учаске бастығы Самал Жанина да растады.

«Өз басым клиенттерді қабылдау, сәлемдемелер, хаттар, жедел хаттар жіберу, төлем түрлерін қабылдау, тұтынушының несие тарихын қарау, баспасөзге жазылу, яғни барлық қаржылық жұмыстарға жауаптымын. Жұмыс көп, маман тапшы. Сондықтан келген жүктемені ұжым болып жабыла орындаймыз. Орындалуға тиіс жоспардың өз мәнінде орындалмау себебі – заман дамыды. Барлығы цифрланды, халық поштаға келіп, сәлемдеме жөнелтіп немесе төлем жасағаннан көрі, үйінде отырып, онлайн қызметке жүгінеді. «Неге олай жасайсың?» деп айта да алмаймыз. Себебі цифрлану заманында – көп жұмыс жеңілдеді, уақыт үнемдеуге де мүмкіндік туды. Ол құптарлық нәрсе, әрине. Десе де, алыс пен жақынның арасын байланыстырған пошта қызметін жоққа шығара алмаймыз ғой. Шағын ғана мекеме ішінде санаулы ғана қызметкер үлкен жұмыс жасап жатыр. Бұл жерде көзге көрінбейтін, еңбегі еленбейтін маңдай тер бар. Тұрғындар сәлемдемелерінің

тапсырыс беріп, оны пошта арқылы алдыртады. Бұл - табыс көзі. Алайда учаске бастығы бұл ағынға дайындықтың аз екенін де жасырмады. Оның айтуынша, сәлемдемелерді сұрыптау, сақтау және жеткізу жүйесі заманауи стандарттарға сай емес. Пошта бөлімшелерінің ғимараттары ескірген, қоймалық қуаттылығы төмен.

Айта кету керек, «Қазпошта» бөлімшелерінде жыл сайын жаңа, заманауи қызмет түрлері де қосылып келеді. Оның бірі - «KELESHEK NOMAD BOLASHAQ» бағдарламасы. Бұл туралы учаске бастығы айтып берді. Тарқата айтсақ, «Қазпоштаның» кез келген бөлімшесінде рәсімдеуге мүмкіндігі бар бағдарлама – баланың біліміне жұмсалатын ұтымды инвестиция. Бала туылғаннан бастап 18 жасқа дейін ашылады және мерзімі үш жылдан 20 жылға дейін, ең азы 5000 теңгеден бастап, қалаған сомаңызды айына қалағаныңызша салуға болады. Бұл бағдарламада ата-ананың өмірі сақтандырылады және қаржылық қорғалуды қамтамасыз етеді. Инвестициялық кіріс қосылып отырады және мемлекеттік білім беру жүйесі бойынша мемлекеттік сыйлықты алуға көмектеседі. Мемлекеттік сыйлық 5 пайыз, ал әлеуметтік осал және көпбалалылар үшін 7 пайызды құрайды. Егер бағдарлама ашылған бала тегін оқуды ұтып алған жағдайда магистратура мен аспирантураға немесе басқа баланың оқуына жұмсауға, мемлекеттік сыйақыны ескере отырып, кез келген мұқтаждыққа пайдалануға болады.

Сөз соңында аудандық пошта бай-



кілі тарқатылмай жатқан мәселеден бастады басшы. - Техникалық базаға қатысты баса айтқым келетін мәселе – көлік мәселесі. Бізге хабарламалар, хаттар, газет-журналдар мен инкассация үшін көлік өте қажет. Ауылдың барлық мекемесіне құрал-жабдық пошта арқылы келеді және оны жеткізіп беру біздің міндетіміз. Түнгі пойыздың уақытын білесіз... екі минут ішінде қаншама килограмм болатын жүкті түсіріп алу, оны бөлімшеге жеткізу – адам қолымен жасалатын күштің арқасы. Оны ішке алып келгеннен кейін сұраптау процесі өз алдына бөлек әңгіме. Пошта саласының ең ауыр жүгі - хат тасушының иығында. Жаздың аптап ыстығы мен

сәлемдеменің апталап жолда жүруі - ұлттық оператордың беделіне нұқсан келтіретін фактор, - деді Мұрат Тасин.

Пошта торабы бастығының сөзіне сүйесек, тұрғындардың дәстүрлі пошта қызметіне сұранысының бұрынғыға қарағанда төмендеуі де өзекті мәселеге айналып отыр.

«Баспасөзге жазылу науқаны - біздің басым бағытымыз. Пошта қызметі редакция мен оқырман арасындағы алтын көпір. Қазір көпшілік электронды қызметтерге көшіп жатыр, соның салдарынан баспасөзге жазылу көрсеткіші де азайған. Бұл өз кезегінде бөлімшелердің жүктемесіне және қаржылық тұрақтылығына



мәселені шешу үшін қызмет көрсету терезелерінің саны жеткілікті болғанымен де, қысқарту және кадр жетіспеушілігі салдарынан операциялық залдарға кассир қоя алмайтынын да сөз етті.

«Аудандық пошта бөлімшелерінің бүгінгі жай-күйі «бар мен жоқтың» арасындағы арпалысты елестетеді. Саланы сақтап қалу үшін тек технологиялық жабдықтау ғана емес, ең алдымен пошта қызметкерінің әлеуметтік мәртебесін көтеру қажет. Пошта - тек мемлекеттік қызмет көрсету орны емес, ол - елдің тұтастығы мен байланысын қамтамасыз ететін стратегиялық нысан. Егер біз ауылдағы тіршіліктің тамырына қан жү-

дап-дайын болып, уақында келгенін ғана көреді. Ал оның ол сөреге жетуге дейінгі қым-қиғаш жұмыс тасада қалып қояды. Санаулы ғана уақыт тоқтайтын пойыздан түсіріп алу, ол затты сындырмай, жыртып алмай тұтынушыға жеткізудің өзі бөлек әңгіме. Аузы-мұрнынан шығып тиелген сәлемдені ішке келіп түсіргенде, бір бөлмені алып кетеді, оны сұрыптап, иесін тауып, орналастыру үшін балға құжынаған арадай боламыз, - дейді орталық учаске бастығы.

Әңгіме барысында ол электронды сауданың (e-commerce) дамуы пошта жұмысына серпін бергенін айтып өтті. Бүгінде ауыл тұрғыны өз үйінде отырып шетелдік сайттардан

ланыс торабының бастығы Мұрат Тасин өз мақсатының халық пен пошта арасындағы байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ету екенін баса айтып, оны шешу жолын да ұсынды. - Біз осы мақсат аясында қызмет сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз. Десе де, бұл мәселені толық шеше алмасы анық. Сондықтан ең болмаса, ауылдық жерлердің барлық қаржылық жұмыстарын, жалақы, коммуналдық төлем, тіпті салық төлемдерін біз арқылы жүргізсе деген ұсынысымды да айта кеткім келеді. Бұл – жергілікті жерлердегі пошта тораптарының тамырына қан жүгіртер еді, - деді байланыс торабының бастығы.

Өйгерім ЖАРТИНА

ТАЗАЛЫҚ ПЕН КӨРКЕЮДІҢ БАСТАУЫ: АУДАНДА АҒАШ ЕГУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы еліміздің әр түкпірінде қарқынды жүзеге асырылуда. Осы игі істен байгандықтар де қалыс қалмады. Таяуда өткен экологиялық шара барысында Қарауылкелдіге орман шаруашылығынан арнайы жеткізілген 1195 түп тал көшеті егіліп, оған 1092 тұрғын қатысты.

Игі істің басында аудан әкімі Айбек Көпенов жүріп, ауыл тұрғындарына үлгі көрсетті. Сонымен қатар, акцияға

ардагерлер, қоғамдық кеңес мүшелері, белсенді жастар мен еріктілер атсалысты. Аудан әкімінің орынбасары Рүстем Раушановтың сөзінше, қаржыландыру орман шаруашылығы мекемесі арқылы демеушілікпен алынған.

Ақсақалдардың батасымен басталған жұмысқа жастардың құлшына кірісуі – ұрпақтар сабақтастығы мен туған жерге деген сүйіспеншіліктің белгісі болса керек. Бұл жолы егілген көшеттер ауылдың ең көрікті әрі маңызды орындарына, атап айтқанда, ақын-жазушылар және Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақтар мен «Ана мен бала» скверінде отырғызылды.

Президентіміздің бастамасымен жүріп жатқан «Таза Қазақстан» акциясы елімізде, облыста да, аудан мен елдімекендерде де өте жақсы жүріп жатыр. Экологиялық акцияға аудан тұрғыны ретінде ардагерлер мен қоғамдық кеңес мүшелері, жастар, еріктілер, мекеме қызметкерлері болып атсалыстық. «Тазалық – денсаулық кепілі» демекші, бұл шара ең бірінші өзіміз үшін керек. Өз ортамыздың жасыл желекке бөленуі, ауаның таза болуы - денсаулығымыз үшін қажет. Сондықтан, бұндай акцияға біз секілді үлкен жастағы адамдардың қатысуы – жастарға үлгі. «Жасыл ел» жасақтары да осы іс-шарада өздерін көрсетті. Өрдайым ауыл үшін ұйымдастырылып жатқан қоғамдық жұмыста болсын, мерекелік іс-шараларда болсын, алдыңғы шепте көрінетін жасақтар мен еріктілер ауылымыздың басқа жастарына үлгі болса деймін. Біздің алғы буыннан кейінгі қызметте жүрген орта буын, одан кейін жастар мен мектеп оқушылары, одан қала берді балабақша тәрбиеленушілері өз айналасына, өз ортасына жауапкершілікпен қараса, соған тәрбиеленсе деп тілейміз. Еліміздің әр түкпірінде тазалақ акциясына қатысты түрлі челленждер ұйымдастырылып жатыр, тіпті жарыстар да бар. Тазалыққа баулу, тәрбиелеу, ынталандыру жұмыстарын әлеуметтік желіден көзіміз шалып қалады және соған қуанып отырамыз, - дейді қоғамдық кеңес мүшесі, зейнеткер Наталья Шекеева.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген дана халқымыз ағаш егуді сауатты іс санаған. Табиғатты аялау – тек бір күндік науқан емес, әр азаматтың күнделікті борышы. Осындай жүйе



елі жұмыстар туған өлкеміздің көркейіп, келер ұрпаққа таза әрі жасыл орта қалдыруға зор үлес қосары сөзсіз.

Әйгерім КАРИМАН

Сүйінші

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

**Жаңажол ауылдық округіне қарасты
Оймауыт ауылында 150 орынға
лайықталған мектеп-балабақша кешенінің
құрылысы қарқынды жүріп жатыр.**

Айта кетерлігі, аталған жоба біраз уақыт бойы шешімін таппай келген болатын. Алайда, тиісті құжаттарды жаңарту және жүйелі жұмыстың нәтижесінде құрылысқа жол ашылды. Атап айтқанда, жобалық-сметалық құжаттама толықтай қайта қаралып, 2025 жылғы 1 тамызда мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

Қазіргі таңда нысан басында «SG Kurylys» ЖШС-і жұмыс істеуде. Құрылыс барысы жергілікті биліктің тікелей бақылауында. Жақында аудан әкімі Айбек Көпенов пен аудан прокуроры Ерлан Бахытов құрылыс алаңына



арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Аудан басшылығы мердігерге жұмыс сапасын қатаң сақтауды және белгіленген мерзімнен кешікпеуді тапсырды.

- Жаңа білім ордасы пайдалануға берілгенде ауыл балаларының заманауи жағдайда білім алуына және мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуына толық мүмкіндік туады, - деген аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабысов мектеп-балабақшаға 151 оқушы, 30 мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері және 35 педагог пен 5 тәрбиеші тартылатынын айтты.

«Жем-Сағыз» ақпарат

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ТАПТАУМЕН ТЕҢ АУЫР ҚЫЛМЫС

Зорлық-зомбылық – көз келген қоғамның дамуына тұсау болып, адамның ішкі әлемін күйрететін ең ауыр әлеуметтік дерттердің бірі. Ол тек жұдырықпен күш көрсетумен шектелмейді; оның психологиялық, экономикалық және тұрмыстық сияқты көзге бірден көріне бермейтін, бірақ жаныңа терең жара салатын түрлері көп. Әсіресе, жабық есік артында, отбасы ошақ қасында орын алатын тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүкіл ұрпақтың болашағына балта шабатын үлкен трагедия. Мұндай қатыгез ортада өскен баланың психикасы зақымдалып, бойын билеген қорқыныш пен үрей оның бүкіл өміріне өз көлеңкесін түсіреді. Өкінішке қарай, біздің қоғамда «ұят болады», «отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген ескірген, қате түсініктер құрбандардың үнсіз қалуына, ал зәбірлеушінің жазасыз құтылуына жиі жол беріп жатады. Адам өзіне жасалған қысымға төзіп, оны жасыру арқылы зорлықтың одан әрі ұшығуына жағдай жасайтынын түсінуі қажет. Бұл тұста қоғамның жалпы құқықтық

Бұл індетпен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, сауаттылығын арттыру және әрбір азаматтың заң алдындағы қорғаныс тетіктерін нақты білуі айрықша маңызға ие. Адамдар өз құқықтарын сауатты қорғай білгенде және қоғам зорлық-зомбылықтың кез келген түріне «нөлдік төзімділік» танытқанда ғана бұл келеңсіздіктің тамырын құртуға болады.

Бұл індетпен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес,

бүкіл қоғамның, әрбір бей-жай қарамайтын азаматтың ортақ ісі. Айналамыздағы адамдарға жана-шырлықпен қарап, қауіпті жағдайға тап болған жандарға дер кезінде қол ұшын созу, оларға ақпараттық, психологиялық және заңдық бағыт-бағдар беру – біздің азаматтық борышымыз. Зорлық-зомбылықсыз, сау қоғам құру үшін ең алдымен өзара сыйластық, жоғары азаматтық мәдениет және адамның ар-ожданына деген құрмет алдыңғы орынға шығуы тиіс. Өйткені, әрбір адам үйде де, түзде де еркін, қауіпсіз әрі бақытты өмір сүруге толықтай құқылы.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі



Байқау

ТАЗА АУЫЛ – ТАЗА ӨҢІР

Ауданда елді мекендерді санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру мақсатында ауқымды «Таза ауыл – таза өңір» байқауы жарияланды. Аудан әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан бұл доданың басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғауға тұрғындарды жұмылдыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Аудан әкімі аппараты, аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі, Жастар ресурстық орталығы, Қарауылкелді ауылдық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілгелі жатқан байқау ережесіне сәйкес, жеңімпаздар үш түрлі номинация бойынша, атап айтсақ, «Үздік ауыл», «Үздік мекеме», «Үздік еріктілер тобы» анықталады.


Биылғы байқаудың ерекшелігі — қомақты жүлде қорында. Құжаттарды қабылдау мерзімі «Үздік ауыл» және «Үздік мекеме» бойынша 13 сәуір – 1 тамыз аралығы, ал «Үздік еріктілер тобы» бойынша 13 сәуір – 22 қазан аралығына дейін жалғасады.

Байқау нәтижесі 15 тамыздан бастап қорытындыланып, жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталады.

«Жем-Сағыз» ақпарат

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуына кедергі келтіретін, қоғамдағы әділдік пен сенімге нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – әрбір азаматтың, әрбір мемлекеттік қызметкердің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.



Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет тарапынан түрлі заңдар қабылданып, алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы басты мақсат – қоғамда адалдық, әділдік және ашықтық қағидаларын қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Осы мақсатта ауылдық округке қарасты мекемелердің қызметкерлері, мектеп оқушылары және ауыл тұрғындары арасында тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Кездесулер барысында сыбайлас жемқорлықтың зияны, оның қоғамға тигізетін кері әсері туралы

кеңінен түсіндіріліп, заң талаптары таныстырылады.

Сонымен қатар, адал еңбек пен әділ қызмет көрсету мәдениетін қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, өз міндетіне жауапкершілікпен қараған жағдайда ғана қоғамда сыбайлас жемқорлықтың деңгейі төмендейді.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат адалдық пен әділдікті басты қағида етіп ұстанса, елімізде сыбайлас жемқорлықсыз, дамыған әрі әділетті қоғам қалыптасары сөзсіз.

«Ащы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТИ ТУРАЛЫ НЕ БЛЕМІЗ?

Кене энцефалиті – табиғи-ошақты инфекциялар тобына жататын, жедел өтетін жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру адамның түрлі ағзалары мен мүшелерін, ең алдымен, орталық жүйке жүйесін зақымдаумен сипатталады. Тіпті ауру адамның денесі салданып, бара-бара мүгедек болып қалады. Иккод кенелері деп аталатын түрі кене энцефалитін таратады.

Қазіргі кезде кенелер ауыл сыртындағы жасыл желек аймақтарында да шабуылдай беретін болды. Адам бұл ауруды кене шаққан кезде немесе шаққан орнын қасығанда, кейде ауру жұқтырған ешкінің сүтін шикілей ішкен кезде жұқтырады. Кене энцефалитінің эпидемиялық маусымы сәуір айынан қыркүйек айына дейін созылады, барынша белсенді болатын кезі – мамыр және маусым айының бірінші жартысы.

Кене энцефалиті кезінде инкубациялық (жасырын) кезең 3 күннен 21 күнге дейін созылады. Ауру аяқ астынан дененің қалтырап-қалшылдауымен басталады да, дене қызуы 38-39о С-қа дейін тез көтеріліп, 5-10 күнге дейін созылады. Науқастың басы қатты ауырып, мазасы кетеді, өне бойы ауырып, деп-сал болады, әлсіздік бой алып, ұйқысы бұзылады, жүрегі айнып, кейде құсады.

Табиғатқа шыққан кезде кене шағып алмау үшін арнайы киім киіп, киімнің ашық түстісін таңдаңыз, жабысқан кенені байқау оңайға соғады сонымен қатар күнделікті киетін киімді арнайы киімге өзгертуге болады, ол үшін киімнің жағасы қалың болып, мойынды жауып тұру керек, киімнің жеңінде манжет болу қажет, шалбардың етегі шұлықтын ішіне салыну керек, бас киім міндетті түрде болу қажет. Кененің бар-жоқ екенін анықтау үшін



міндетті түрде әр 15 минут сайын өзіңізді және бір-біріңізді мұқият тексеріп, жабысқан кенелерді алып тастаңыз. Кене бірден жабыспайтынын ұмытпаңыз, әсіресе дененің нәзік жерлеріне құлақтың сырты, мойынға, қолтық астына және бастың шаш бөлігіне жабысатынына назар аудару қажет.


Егер табиғат аясында кене шағып алған жағдайда, жақын арада медицина мекемесі болмаса, кенені өз бетінше арнайы қысқышпен немесе пинцетпен алуға тырысу керек, сондай-ақ қалың жіпті кененің тұмсығына байлап, жабысып тұрған кенені тербелте отырып алуға болады. Кене шаққан жерді йодпен өңдеу керек. Егер теріде кененің тұмсығы қалып қойса, оны тікен алған сияқты шығарып алуға тырысу қажет.

Кене энцефалитінің алдын алудың ең тиімді және сенімді жолы – екпе жасау, бірақ Ақтөбе облысы кене өңцефалиті бойынша эндемиялық аймақ болмағандықтан алдын ала егу міндетті емес.

Байғанин аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ж.У.НҰРЛА

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Адам папиллома вирусы – дененің әртүрлі бөліктерінің терісі мен шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустар тобы.



АПВ жылдам таралуға қабілетті, қатерлі ісікті өзгеруге әкелетін қоздырғышқа айнала отырып, қатерлі ісік тудыруымен қауіпті.

АПВ –ның 200-ден астам түрі бар, олардың 14 түрінде онкологияның (қатерлі ісік) даму қаупі жоғары.

АПВ адамнан адамға берілу жолдары: тұрмыстық байланыс арқылы (қол алысу, терінің зақымдануы арқылы). Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауна, монша, спорт залдар, деретхана, бассейндерге барған кезде мұқият болу керек;

ЕСІРТКІ, НАШАҚОРЛЫҚ — XXI ҒАСЫРДЫҢ ҮЛКЕН ҚАСІРЕТІ

Сіз өзіңізді-өзіңіз құрметтеуге тиіссіз. Бойыңыздағы бар қабілеттеріңізді тек жақсылыққа бағыттай біліңіз. Зиянды әдеттерден, ішімдіктен шылымнан, есірткіден аулақ болыңыз.

Есірткі адам ағзасына өте зиян. Егер оны қолданған жайдайда көп адамдар сол ес ісірткіге тәуелділігін тез бастайды. Ағза тез қабылдап үйренген жағдайда ағза әлсіреуінен бастап есірткісіз өмір сүре алмайтын жағдайға жетеді. Есірткі қолданатындардың өмірі ұзаққа бармайды, себебі олардың денелерін ұлап тастайды да, ең соңында мидың және тыныс алу орталығы тоқтайды. Бұл жағдайға алып бармас бұрын жастардың кішкене кезінен ол нәрсенің жаман екенін қалыптастыру керек және қоғам ішінен наразылық көп болған. Бұл нәрсенің алдын үлкен азаматпен азаматшалар өз ұлдарына кішкене кезден үйретіп оны зиян екенін көрсетсе ол жастайынан ол нәрседен қашатын болады.

Және ол ортағада байланысты. Ол ортаны таңдайтын сен болғандықтан ондай достармен жалпы қоғамнан алыстау керек. Ортаңды өзгерту қиын емес, қиыны — өзіңді өзгерту.

Қарауылкелді ауылдық округі бойынша ауыл тұрғындарына үнемі «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында жадынама таратылып, түсіндірме жұмыстары жеті сайын жүргізілуде.

ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Ұ.Н.Ізтұрғановпен бірлесе, Қарауылкелді орта мектебі, №2 Қарауылкелді орта мектебі, №3 Қарауылкелді орта мектебі, Т.Жармағанбетов атын-



дағы орта мектебі, Қ.Мұқанбетқалиұлы ат орта мектеп-гимназиясын 9-11 сынып оқышылары арасында кездесу өткізді. Кездесу барысында жасөспірімдер арасында есірткінің зияны мен нашақорлықтың зардаптары туралы тәрбиелік мәні бар профилактикалық сұхбаттар жүргізіліп, жадынамалар таратылды.

Ағымдағы жылдың 21 қаңтар күні Байғанин ауданы ПБ ЖПҚБ УПИ полиция капитаны А.Абдуллинмен бірлесе, Көкбұлақ, Қосарал мектептің 9-11 сынып оқышыларына «Зан мен тәртіп» аясында нашақорлық қоғам дерті атты тақырыптарында ақпараттық түсіндірме

жұмыстары жүргізіліп, видеороликтер көрсетілді.

Сондай-ақ, Байғанин ауданы техникалық колледжі 1,2-ші курс студенттері арасында «Нашақорлық қоға дерті» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу болдырмау, сонымен қатар есірткінің зияны мен нашақорлықтың зардаптары туралы түсіндірілді.

«Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде, құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту үшін көптеген жұмыстар атқарылды.



Қазақстан Республикасы аумағында әр-түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері мекен қылып, тұрып жатыр.


Сот жүйесі саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында көптеген бағдарламалар, нормативтік құқықтық актілер қабылданып, түрлі іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әр-

бір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік. Біздің елімізде мемлекеттік тіліміздің дамуына үлкен көңіл бөлінеді және ол баға жетпес байлығымыз деп саналады.

**Сот әкімшісінің бас маман,
сот отырысының
хатшысы Х.ЕСҚАЗЫ**

ӨҢЕШ ОБЫРЫ, БАС ПЕН МОЙЫН ОБЫРЫ: АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ДЕР КЕЗІНДЕ ТЕКСЕРІЛUDІҢ МАҢЫЗЫ!

Бас және мойын аймағының қатерлі ісіктері – бұл ауыз қуысы, жұтқыншақ, көмей, мұрын қуысы, жақ-бет аймағы, сілекей бездері, қалқанша безі және бет терісінде дамиды. Бұл ауру түрлері барлық онкологиялық сырқаттардың шамамен 5-7-ын құрайды.



Ауруды ерте анықтаудың маңызы неде?

Бас және мойын қатерлі ісіктері ерте сатысында 70–90% жағдайда сәтті емделеді. Ал ауру асқынып кеткен кезде емдеу күрделене түсіп, емдеу нәтижесі төмендейді.

Онкологиялық аурулар ауыр дерттердің қатарына жатады және көп жағдайда кеш кезеңдерде анықталып жатады, сондықтан бұл шара халықтың ақпараттануы, аурудың алдын алу мен ерте анықтауда маңызды факторы болып табылады.

Бас және мойын ісіктеріне ауыз қуысы, жұтқыншақ, көмей, мұрын қуысы және мұрын маңы қойнауларында пайда болатын қатерлі ісіктер жатады. Ал өңеш обыры тағамды жұтқыншақтан асқазанға жеткізетін ағзаны зақымдайды және ерте кезеңде анықтаудың қиындығы мен дер кезінде емделмеген жағдайда тез өршуіне байланысты ерекше назар аударуды талап етеді.Аурудың ерте алдын алу үшін уақытында скри-

нингтен өтіп,дер кезінде дәрігерге қаралып кеңес алу керек. Аудандық ауруханада айлық аясында «Ашық есік» күні өтеді.Тұрғындар мамандардан кеңес алып, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап таба алады және тексеруден өту мүмкіндігіне ие болады. Онкологиялық аурулардың алдын алу, қауіп факторлары, белгілері, сондай-ақ заманауи диагностика және емдеу тәсілдері туралы пайдалы әрі өзекті материалдарды жариялайтын болады. Бұл ақпараттар әр адамға өз денсаулығына мұқият қарап, қажетті кезде дәрігерге жүгінудің маңызын түсінуге көмектеседі.

Бұл – денсаулыққа көңіл бөліп, кәсіби мамандардан ұсынымдар алудың жақсы мүмкіндігі.

Онкологиялық қырағылық — өмір кепілі. Ауруды неғұрлым ерте анықтаса, толық айығу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

**Г.ЕСЕЕВА,
Байғанин аудандық аурухананың
онколог дәрігері**

Еске алу

**ШОЛАҚОВА
Айболған Ыхласқызы**

Тірі болғанда 22 сәуір 52-ге толар еді. Амал қанша? Сұм ажал 22 жасында ерте алды. Айболған, жатқан жерің жайлы болсын. Топырағың жеңіл болсын. Қараңғы көрің жарық болсын. Жаның жәннатта болсын. Иманың жолдыс болсын.

Еске алушы: апаң Мөреке

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

**Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және
ақпарат комитетінде**
**2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№15190-Г куәлігі берілген.**

**«Жем - Сағыз» газеті редакциясының
мекенжайы:**
**030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35**

**Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №541
Көлемі 1 баспа табақ.**